

Казахстанская правда. – 2012. – 26 января.

7. Открытость и эффективность работы государственных органов: аналитический отчет по исследованию / Агентство РК по делам гос. службы. – Алматы: ИЦ «Сандж», 2011. – 179 с.

#### REFERENCES

1. Qinasheva ZH.B., *Memlekettik basqaru teoryiasy. Oqu quraly. Oskemen, 2012, 112 (in Kaz).*

2. *Ortalyq memlekettik organdar men oblystardyq, respublikalyq manyzy bar qalanyn, astananyn zhergilikti atkarushy organdary qyzmetinin tiimdiligin zhyl sajynqy baqalau zhujesi turaly Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin 2012 zhylqy 19 nauryzdaqy 954 Zharlyqy (in Kaz).*

3. Bekhozhaeva A.K., Bazyl A., *Memlekettik basqarudyn tiimdi zhujesin ontajlandyru maseleleri. Molodoj uchenyj. 2016, 5.5, 37, 42 (in Kaz).*

4. Ivatova L.M., *Politicheskie tekhnologii kak sposob osushchestvleniya politicheskoy modernizacii Kazahstanskogo obshchestvo Aktual'nye problemy modernizacii Respubliki Kazahstan, ehkonomika, politika, idiologiya. Ivatova L.M. Almaty, 2014, 7, 13 (in Russ).*

5. Uzakbaeva A., Abdimomynova A.SH., *Regional'noe antikrizisnoe upravlenie, teoreticheskij aspekt. Molodoj uchenyj. 2015, 7, 505, 508 (in Russ).*

6. Kelimbetov K., *Administrativnaya reforma velenie vremeni. Kazahstanskaya pravda. 2012 (in Russ).*

7. *Otkrytost' i ehffektivnost' raboty gosudarstvennyh organov, analiticheskij otchet po issledovaniyu. Agentstvo RK po delam gos. sluzhby. Almaty, IC Sandzh, 2011. 179 (in Russ).*

ӘОЖ 347.2/.3(574)

### М.К. СЕИЛХАН, А.С. РАМАЗАНОВА

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,  
Өскемен қ., Қазақстан

#### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЗАҢНАМАСЫНДАҒЫ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ТҮСІНІГІ

Мақалада Қазақстан Республикасындағы меншік құқығының түсінігі және азаматтық заңнамасындағы бұл институттың маңыздылығы қарастырылған. Бүгінгі күні нарықтық қатынастар жағдайында меншік құқығының мәселелерін зерттеу өте маңызды болып келеді, себебі жеке және заңды тұлғалар күнделікті меншік құқығына байланысты қатынастарға түсуде.

**Түйін сөздер:** меншік құқығы, меншік, билік ету құқығы, пайдалану құқығы, иелену құқығы.

#### ПОНЯТИЕ ПРАВА СОБСТВЕННОСТИ ПО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВУ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

В статье рассматриваются понятия права собственности в Республике Казахстан, а также значение данного института в гражданском законодательстве РК. На сегодняшний

день в условиях рыночных отношений исследование проблем права собственности имеет важное значение, поскольку каждый день физические и юридические лица сталкиваются с вопросами перехода права собственности от одного лица к другому.

**Ключевые слова:** право собственности, право распоряжения, право использования, право владения, рыночные отношения.

#### THE CONCEPT OF THE RIGHT OF OWNERSHIP UNDER THE LAWS OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

The article discusses the concept of property rights in the Republic of Kazakhstan, as well as the importance of this institution in the civil legislation of RK. Today in the conditions of market relations the study of problems of right of ownership is important, because every day, natural and legal persons faced with questions of the transfer of ownership from one person to another.

**Keywords:** ownership, right of disposal, right of use, right of possession.

Меншік дегеніміздің өзі материалдық игіліктерді табиғаттың өнімдерімен еңбекті меншіктену әрі иеленуді білдіреді.

Меншік затты иелену, меншіктену деген, оның өзі заттың пайдалы қасиеттеріне орай жүзеге асады, демек оны меншіктенген соң өндіріс барысында пайдаланып, оған билік етіледі. Меншіктен экономикалық қатынасы құқық нормаларымен реттеліп, меншік құқығына айналады. Әлемдік құқықтану доктринасы мен отандық заң ғылымы меншік құқығын объективті жағдайдағы меншік құқығы және субъективті жағдайдағы меншік құқығы деп бөледі [1].

Материалдық игіліктерді иелену, пайдалану және билік етуге байланысты қоғамдық қатынастарды реттейтін азаматтық құқық нормалары жөнінде (кодекс, заңдар мен басқа да заңдық, нормативтік құжаттар) әңгіме болғанда – шын мәнінде объективтік мағынадағы меншік құқығы, яғни меншіктің құқық институтын құрайтын нормалардың жиынтығы екені көрінеді (мысалы, ҚР АҚ 188-278 баптары). Меншік құқығының объективті нормалары негізінде нақтылы меншік иесі өз қалауы бойынша өзіне тиесілі мүлікті пайдалануына және оған билік етуге құқылы екендігін, яғни сату-сатып алу, жалға беру және тағы басқа белгілі заңдық фактілерді жүзеге асырылғанда меншік құқығының субъективті жағы пайда болады (АҚ-нің 188-бабы) [2].

ҚР Азаматтық кодекстің 188-бабында меншік құқығына мынадай анықтама берілген: «Меншік құқығы дегеніміз – субъектінің заң құжаттары арқылы танылатын және қорғалатын өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы».

Бұл анықтама мейлінше ғылыми жағынан толық берілген. Өйткені, субъектіге «тиесілі» деген сөзбен шектеліп қалмай, мүліктеріне өз қалауынша иелену, пайдалану және билік ету құқығын береді.

Меншік құқығына анықтаманы субъектінің мүлікке заңға сәйкес билік

етуі, оны өзінің қалауынша пайдалануы деп түсіну керек. Яғни субъектінің затқа үстемдік етуі заңдастырылған және оған толық құқылы. Осындай үстемдікке қол жеткізу арқылы меншік иесі заттың табиғат берген қасиеттерінің бәрін пайдаланып, оны өзгертуге, өңдеуге, билік етуге, тіпті бөтен біреуге беруге, жойып жіберуіне толық құқығы бар. Затқа заң арқылы үстемдікті тану заң құжаттарында көрсетілген шекте жүзеге асады, өйткені затқа үстемдікті шектеу меншік иесінің еркіндігіне белгілі бір дәрежеде ықпалын тигізеді, демек затқа меншік иесінің билігі шексіз болуы мүмкін емес.

Сондықтан да ҚР Азаматтық кодексінің 188-бабындағы меншік құқығын шектеу мұндай құқықтың шексіз еместігін көрсетеді, сол себепті де тұлғаның өз иелігіндегі затты иелену, пайдалану және билік ету құқығы заң арқылы айқындалады. Меншік иесінің еркіндігін шектеу меншік иесінің өз өкілеттігін жүзеге асыруы басқа тұлғалар мен мемлекеттің құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін бұзбауға тиіс міндеттен туындайды. Мұндай құқықты немесе заңды мүддені бұзу басқа түрлері де кездесуі мүмкін, мысалы, меншік иесі өзінің монополиялық немесе басым жағдайларын пайдаланып, нарықта көрер көзге қиянатқа жол беруі мүмкін (ҚР АҚ 11-бабының 3-тармағы) [2]. Міне, осындай теріс пиғылды әрекеттерге жол бермеу үшін де осындай талап заңға енгізілді. Меншік иесі өз құқықтарын жүзеге асырған кезде азаматтардың денсаулығы мен айналадағы ортаға келтірілуі мүмкін зардаптарға жол бермеу шараларын қолдануға міндетті (ҚР АҚ 188-бабының 4-тармағы).

ҚР Азаматтық кодекстің 188-бабы 5-тармағына сәйкес меншік құқығының мерзімі шексіз болады. Мүлікке меншік құқығы Азаматтық кодексте көзделген негіздер бойынша ғана ықтиярсыз тоқталуы мүмкін.

Меншік құқығының мазмұнын меншік иесіне тиесілі иелену, пайдалану және билік ету тәрізді өкілеттіктер құрайды. Бұл өкілеттіктердің әрқайсысы меншік құқығының қажетті элементтері болып табылады.

Иелену құқығы иесіне затқа іс жүзінде үстемдік етуге мүмкіндік беріп, затты пайдалану үшін маңызды алғышарт жасайды.

Заң иеленуді заңды, заңсыз, адал ниетті және арам ниетті деп бөледі. Затты (мүлікті) заңсыз иелену, егер оны зорлықпен немесе заңнан жасырын жасалса, немесе заңсыз иеленуші затты кездейсоқ иеленіп, оны қайтару жөніндегі талапты құлағына ілмесе, бұл да құқық бұзу деп есептеледі. Сондай-ақ иеленуші иеленген затының заңсыз екендігін білсе, білуге тиісті болса, онда ол арам ниетті иеленуші делінген. Қарсы жақ өзінің талабын дәлелдемейінше, зат иеленуші адал алушы қатарына жатады (ҚР АҚ 261-бабы).

Ал керісінше, егер де мүлік оны иеліктен айыруға құқығы болмаған адамнан тегін алынып, алушы мұны білмесе және білуге тиіс болмаса (адал алушы), мүлікті меншік иесі немесе меншік иесі мүлікті иеленуге берген адам жоғалтқан

не мұның екеуінен де ұрланған, не олардың иеленуінен бұрын бұлардың еркінен тыс өзге жолмен шығып қалған ретте ғана меншік иесі бұл мүлікті алушыдан талап етіп алдыруға құқылы [3].

ҚР Азаматтық кодекстің 188-бабында иеленудің әр түрі туралы айтылмаған, тек алған баптың 3-тармағында бөтеннің затына құқық ретінде иеленудің жасалу жолы мен тәуелділігі көрсетіледі.

Сонымен бірге заңда ерекше негіз бар «Иелену мерзіміне» жол беріледі (ҚР АҚ 20-бабы). Иеленудің мұндай құқығы меншік құқығынан тұлғаның затты өз билігінде ұстауымен ерекшеленеді.

Пайдалану өкілеттік құқығы дегеніміз – мүліктен оның пайдалы табиғи қасиеттерін алудың, сондай-ақ одан пайда табудың заң жүзінде қамтамасыз етілуі. Пайда кіріс, өсім, жеміс, төл алу және өзге нысандарында болуы мүмкін (ҚР АҚ 188-бабы 2-тармағы).

Пайдаланудың өкілеттік құқығынан жай пайдалануды ажырата білу керек. Пайдаланудың өкілеттік құқығы – затты пайдалануға құқықты қамтамасыз ететін меншік құқығы субъектісінің өкілеттілігі. Пайдалану осы құқықты жүзеге асыру болып табылады, яғни затты нақты пайдаланып немесе оны қашан кіріс алғанша тұтыну.

Меншік иесі өзінің өкілеттік пайдалану құқығын қалай жүзеге асыруды өзі шешеді. Демек, қоғамдық маңызы бар объектіні пайдаланғанда, меншік иесі тек өзінің ғана емес, қоғамның да мүддесін ойлауына тура келеді. Мысалы, қазақ өнерінің көрнекті шығармаларын, айталық мұрагер меншік иесі ретінде бүлдірмеуге міндетті.

ҚР Азаматтық кодекстің 188-бабында қаралған меншік құқығының иелену, пайдалану және билік ету тәрізді құрамдас бөліктерінен басқа оны заңмен қорғау да ескерілген. Мұндай құқық өзгенің құқығына тәуелді емес, меншік иесі өзінің мүлкін сақтауға, қорғауға, өзге адамдардың сырттан әрекет етпеуіне тыйым салуына хақысы бар.

Меншік иесі басқа тұлғаға өзінің пайдалану құқығын беруіне хақылы (мысалы, жалға, арендаға беру т.б.). пайдалануға өкілеттік алған тұлға оны өзі пайдалана бастайды (мысалы, затты пайдалану, өнім алу). Мұндай жағдайда меншік иесі өзінің өкілеттігіне сәйкес табысты жанама жолмен түсіреді, мысалы, затты пайдаланудан түскен кірісті иеленеді немесе белгілі бір пайызды еншілейді.

Билік ету құқығы дегеніміз – мүліктің заң жүзіндегі тағдырын белгілеудің заңмен қамтамасыз етілуі (ҚР АҚ-тің 188-бабы 2-тармағы).

Билік етудің өкілеттігі меншік құқығының объектілеріне қатысты мәмілелер жасауға өкілетті. Мысалы, меншік иесі өзінің меншік құқығын өзгеге беріп, кепілдік құқық жасап, жалға беруді жүзеге асырса, онда ол билік құқығын

жүзеге асырғаны болып табылады. Билік етудің өкілеттігін жүзеге асырудың маңызды түрі меншік иесінің мүлікті өз иелігінен шығарып, басқа адамдарға беруі болып табылады.

Заң мен басқа да құқықтық негіздерге орай меншік иесінің билік ету құқығы алынуы не тоқтатылуы мүмкін. Мысалы, әрекет ету қабілеті шектеулі адамдармен билік ету құқығын асыру үшін келісім жасаған кезде заңды өкілінің рұқсаты талап етіледі.

Билік ету құқығы затқа меншік иесі болып табылмайтын тұлға арқылы да жүзеге асады. Бұл заңның арнайы нұсқауымен болады немесе меншік иесімен жасалған келісімшарт негізінде (мысалы, теміржол жүкті иесіне беруге мүмкіндік болмаған жағдайда басқа тұлғаға тапсырады) болады.

Иеліктен айырылған заттардың кездейсоқ жойылуы немесе кездейсоқ бүліну қаупі, егер заң құжаттарында немесе шартта ол өзгеше белгіленбесе, сатып алушыда меншік құқығы пайда болуымен бір мезгілде соған көшеді. Мүліктің бүлінуі не жойылуына байланысты қауіп басқа мезгілде заң немесе шарт негізінде сол мүлікті алушының мойнына жүктеледі. Мысалы, шарт жасаушылар ондай қауіпті шарт жасау кезінде алдын ала ескереді (сатып алу-сату), яғни зат берілмей тұрып, сатып алушыға меншік құқығы ауыспай тұрғанда мәселенің басы ашылуы тиіс [4].

Азаматтық құқық нормасы туралы мәселе қозғалғанда (кодекс, заң және басқа да нормативтік актілер) қоғамдық қарым-қатынаста билік ету, пайдалану және иелену жөніндегі материалдық құндылықтарды реттеу деп түсіну керек. Бұл меншік құқықтың объективті мағынада екенін білдіреді, бұл меншік құқық институтының норма жиынтығы (ҚР АҚ 188-267 баптарында). Бұл жердегі нақты мәселе, тұлғаның құқығы белгілі бір заңды факт туындағанда (сатып алу – сату, жалға беру және т.б.) оның меншік құқығы объективті мағынада нормаға сәйкес өзінше билік ету, пайдалану және иелену бойынша затқа, құқығы пайда болады (ҚР АҚ 188-бап), автордың ойынша меншік құқығы субъективті [5]. Бұл көзқарастар Г. Төлеуғалиевтің еңбегінде көрініс тапқан.

Ал Ресей авторы А.Г. Халфинаның пікірі бойынша, онда белгілі бір шекарада, яғни меншік құқығы объективті мағынада – белгілі бір құқықтық нормада қалыптасып көрсетілген шекарада тұлғаның билік ету, пайдалану, иелену және азаматтық айналымынан алынып тасталған заттарды қоспағандағы әрекеті [6].

Меншік экономика категориясы ретінде және оның құқықтағы көрінісі – қоғамдық өндіріс процесі адамдардың өмір сүруіне қажетті барлық материалдық иеліктердің жалғыз қайнар көзі болып табылады (егер де жерді және тағы басқа табиғи ресурстарды адамға өзімен беруі деп есептегенде), бүкіл адамзат тәжірибесі көрсеткендей, мұндай өндірісті жалғыз адам жүзеге асыра алмайды.

Адамдар әрқашанда қарым-қатынасқа түсіп отырады, ең алдымен, иелену нәтижесінде белгілі бір заттың бір адамның меншігіне өтуі нақ осы заттың басқа бір адамдар тобынан оқшауландыруымен тығыз байланысты.

«Меншік» термині әр алуан мағынада қолданылады. Бір жағдайда бұны «мүлік» және «зат» түсінігінің эквиваленті, синонимі ретінде қолданылады. Мысалы, «меншікті беру» немесе «меншікке алу» туралы айтқанда. Басқа жағдайларда сөз тек қана экономикалық қатынас жайында деп санайды, ал кейбір жағдайда бұл түсінікті таза категория ретінде ұғады. Осыны қарап отырсақ «меншік» терминін өзара ұқсас емес екі тұрғыда түсінуге болады:

– меншік экономикалық мағынада немесе меншік *de facto* (лат. – іс жүзінде деректі);

– меншік заңды мағынада немесе *de jure* (лат. заңды құқық бойынша).

Осы екі ұғым өзара несімен ерекшеленеді? Бұл сұраққа жауап беруді ең алдымен, меншіктің экономикалық мазмұнын аша отырып қарастыруға болады. Егер де меншік экономикалық қатынасын бөлшектейтін болсақ, онда оның екі элементін аңғаруға болады: субъект (меншік иесі) және қандай да бір мүлік. Бұл жерде меншік бір субъектінің белгілі бір затқа қатысы ретінде көрінуі мүмкін. Өйткені меншік иесі, мысалы: «Бұл автомашина менікі», – деп айтады. Бірақ та бұл жағдайда осы зат кімдікі екенін тікелей нақтылап қана қоймай, сонымен қоса жанама түрде бұл зат басқа тұлғалардың меншігінде оқшауландырылады (яғни бұл затты басқа ешкім иелене алмайды).

Сондықтан да меншіктің экономикалық қатынасын дұрыс түрде мына формулада көрсету керек: субъект (меншік иесі) – мүлік – басқа субъектілер (меншік иелері) болып табылмайтын тұлғалар және мүлікті уақытша иеленушілер).

Меншік ұғымын ең жақындатылған түрде жеке тұлғаның немесе ұжымның өзіне тиесілі затына, өзінікі секілді қатынасы ретінде түсіндіруге байланысты. Меншік «менікі» мен «сенікінің» айырмашылығының түбінде жатыр. Қандай да болмасын меншіктің нысаны және типі оның нақты бір жағдайда қоғамдық жоғарғы дәрежесіне қарамастан, егер де бір адам өндіріс өнімдеріне, өзінің заттары секілді, ал басқалары бөтен зат секілді қараған жағдайда ғана бұл меншік өмір сүре алады. Онсыз меншік мүлде жоқ болады. Бұл көзқарас тұрғысынан қарағанда кез келген меншік нысаны жеке болып табылады.

Осы берілген қарапайым анықтамадан келесіні көруге болады: меншік – бұл адамның затқа қатынасы. Бірақ та осымен меншік мазмұны шектелмейді. Бұл, сонымен қатар осы заттың иесі болып табылмайтын тұлғалардың осы затқа бөтеннің заты секілді қарауы тиіс екенін білдіреді, яғни меншік бұл заттарға қатысты адамдардың арасындағы қарым-қатынасты білдіреді. Бір жағынан, заттың иесі, затты өзінің меншігі ретінде қарайтын және екінші жағынан, заттың иелері болып табылмайтын адамдар. Яғни барлық үшінші тұлғалар, затқа

бөтеннің мүлкі ретінде қарауға тиісті.

Иелену жөніндегі қатынастар, ең алдымен, шаруашылық қызметке байланысты мүлікке тарайды, оның құрамына өндірістік факторлар кіреді (материалдық игіліктер және интеллектуалдық қызмет нәтижелері).

Меншікті жан-жақты зерттеуде ең басты үш әлеуметтік-экономикалық сұрақтарды қарастыруымыз керек. Олар:

1 Кім (қандай шаруашылық субъектілер) экономикалық билікті иеленеді – өндіріс нәтижелері мен факторларын меншіктенеді?

2 Қандай экономикалық байланыстар өндірістік жағдайларды пайдалануын жақсартады?

3 Кімге шаруашылық қызметпен кірістер тиеді?

Осыған сәйкес меншіктің экономикалық қатынасы – біртұтас жүйе, келесі элементтерден құралады:

- өдірістік нәтижелер мен факторларын иелену;
- материалдық және басқа да мүліктерді, шаруашылықты пайдалану;
- меншікті экономикалық тұтынуды жүзеге асыру.

Иелену – бұл заттарға өзінікі секілді қатынасын орнататын адамдар арасындағы экономикалық байланыс. Мұндай байланыс өзінің терең тамырымен өндірістік процеске кетеді. Өйткені кез келген материалдық иеліктерді өндіру өз негізі бойынша адамдар өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін табиғат заттарын және энергиясын иелену болып табылады. Осыдан бір қорытынды жасауға болады, егер де иелену өндіріссіз мүмкін болмаса, онда өндіріс үнемі белгілі бір меншіктің нысаны шегінде өтеді [7].

Билік ету құқығы затқа меншік иесі болып табылмайтын тұлға арқылы да жүзеге асады. Бұл заңның арнайы нұсқауымен болады немесе меншік иесімен жасалған келісімшарт негізінде (мысалы, теміржол жүкті иесіне беруге мүмкіндік болмаған жағдайда басқа тұлғаға тапсырады) болады.

Мұндай түрдегі меншіктің түсінігі ақша тауар айырбасы қатынасына негізделген нарықтық шаруашылық нәтижесінде қалыптасқан. Өндірілген өнімді айырбастау қажеттілігі туған кезден бастап (өнім экономикалық тауар қалпына ауысқанда) оны алдын ала иеленбей айырбастауға мүмкін емес болады, яғни өнімді оқшауландыруды (айырбастауды) оны кез келген адам ғана жүзеге асыра алады. Бұл қолайсыз зардаптардың алдын алу мақсаттарына тиісті еді. Сондықтан да иелену қатынастары тауар айналымының қажетті алғышарты болып табылады

Меншік экономикалық түрде жүзеге асырылады, егер де оның иесі кіріс әкелсе. Мұндай кіріс өндіріс құралдарын және еңбек жұмсау нәтижесінде алынған жаңадан қайта жасалған өнім немесе бір бөлігі ретінде болуы мүмкін. Бұл, мысалы, түсім, салық, әртүрлі салымдар болуы мүмкін. Жалға беру кезінде

жалдық төлем белгіленеді. Бұл төлемнің ішіне меншік иесінің меншікке салған капиталға пайыздары, сондай-ақ мүлікті пайдалану нәтижесінде алынған кірістің жартысы енеді. Концессия жасасқан кезде алдын ала төлемдерді немесе тапқан пайдадан үлесін белгілеп алады, бұны уақытша мүлік иелері меншік иелеріне төлеуге міндеттеледі. Бұл меншіктің экономикалық қатынас жүйесінің барлық шаруашылық процесін басынан аяғына дейін қатынастар көрсетеді. Ол адамдардың иеліктер мен қызметтерді өндіру, бөлу, айырбастау және тұтыну қатынастарының нақ ортасы болып табылады.

Сонымен меншіктің экономикалық мазмұны, олар:

– тұлға белгілі бір материалдық құндылыққа ие болады және сол арқылы осы игіліктерді басқа тұлғалардан оқшауландырады;

– мүлікті иелену онымен шаруашылыққа басшылықты жүзеге асыруға байланысты, яғни нақты бір мүлікті иеленген адамның мүлікті өз мүддесін басшылыққа ала отырып, өз қалауы бойынша пайдалану;

– мүлікті иеленген адам мүліктік иеліктерді тек қана пайдаланып қоймай, сонымен қатар оған өз заттарын қалыпты жағдайда ұстап тұру міндеті жүктеледі, яғни жөндеулер жүргізу және күзету, оның құртылу және жойылу тәуекелін мойнына алу, яғни тек қана меншік иеліктерін пайдаланып және ауыртпалықтарын көтеру шынайы меншік иесінің жағдайын көрсетеді, ал мүліктің ауыртпашылығын және оның жойылу тәуекелін көтеру және оның жойылу тәуекелін көтермеу оны еш уақытта шынайы меншік иесі болдырмайды.

Сонымен, әрине меншік қатынастарының барлық жүйесі адамдарда экономикалық-материалдық мүліктік мүдделер тудырады. Оның ең бастысы болып, өз қажеттерін одан да жақсы қанағаттандыру үшін өз меншігіндегі игіліктерді көбейтіп отыру саналады. Осылайша мүдделер арқылы меншік адамдардың шаруашылық мінез-құлқын, мазмұнын және бағытын анықтайды. Бірақ та адам өз мүдделерін көздей отырып, жалпы қоғамдық мүдделермен қақтығысуы мүмкін. Кім және қандай жағдайларда меншік тудырған қарама-қайшылықтардың алдын алуға және тоқтатуға, сондай-ақ өндіріс агенттерінің мінез-құлықтарын реттеп отыруға қабілетті. Бұл қоғамдық мәселені мемлекет және құқық атқарады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сулейменов М.К. Гражданское право: учебник / М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. – Алматы. – 2000. – С. 88.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (Жалпы және Ерекше бөлімдері). – Алматы: Юрист, 2016. – Б. 61, 7.
3. Гражданское право: учебник для юридических вузов. – Т. 1. – М., 1994. – С. 123.
4. Төлеуғалиев Ғ. ҚР Азаматтық құқығы. – Т. 1. / Ғ. Төлеуғалиев. – Алматы, 2001. – Б. 95.
5. Тулеуғалиев Г.И. Гражданское право: учебное пособие / Г.И. Тулеуғалиев,

К.С. Мауленов. – 2003. – С. 130.

6. Халфина А.Г. Гражданское право (часть общая) / А.Г. Халфина, А.И. Масляева. – Алматы, 1999. – С. 35.

7. Сергеев А.П. Гражданское право: учебник. – Ч. 1 / А.П. Сергеев, Ю.К. Толстой. – М.: Проспект, 2000. – С. 189.

#### REFERENCES

1. Sulejmenov M.K., Basin Ju.G., *Grazhdanskoe pravo. Uchebnik. Almaty. 2000, 88 (in Russ).*

2. *Qazaqstan Respublikasynyn Azamattyq Kodeksi. Zhalpy zhane Erekshe bolimderi. Almaty, Jurist, 2016, 61, 7 (in Kaz).*

3. *Grazhdanskoe pravo. Uchebnik dlja juridicheskikh vuzov. T. 1. M., 1994, 123 (in Russ).*

4. Toleuqaliev Q.R., *Azamattyq quqyqy. T. 1. Almaty, 2001, 95 (in Kaz).*

5. Tulegaliev G.I., Maulenov K.S., *Grazhdanskoe pravo. Uchebnoe posobie. 2003, 130 (in Russ).*

6. Halfina A.G., Masljaeva A.I., *Grazhdanskoe pravo. chast' obshhaja. Almaty. 1999, 35 (in Russ).*

7. Sergeev A.P., Tolstoj Ju.K., *Grazhdanskoe pravo. Uchebnik. Chast' 1. M. Prospekt. 2000, 189 (in Russ).*

УДК 347.754(574)

### К.Е. СИМБАЕВА, М.И. ДЯЧУК

Восточно-Казахстанский государственный университет имени С. Аманжолова,  
г. Усть-Каменогорск, Казахстан

#### ПОДВЕДОМСТВЕННОСТЬ И ПОДСУДНОСТЬ ТРУДОВЫХ СПОРОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Статья посвящена процессуальным особенностям рассмотрения судами трудовых споров, дается классификация трудовых споров, рассматриваются принципы разрешения трудовых споров. Дается понятие трудового спора, различие между понятиями «конфликт» и «спор», и соответственно, между понятиями «трудовой конфликт» и «трудовой спор».

**Ключевые слова:** трудовой спор, принципы, конфликт, спор, трудовой конфликт, трудовой спор.

#### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ВЕДОМСТВОЛЫҚ ЖӘНЕ СОТТА ҚАРАЛУҒА ТИІСТІ ЕҢБЕК ДАУЛАРЫ

Мақала судьялардың қарастыратын еңбек дауларының процессуалды ерекшеліктеріне арналған, еңбек дауларының жіктелуі ұсынылған және олардың рұқсат ету принципі қарастырылған.

Еңбек даулары ұғымының түсінігі, «жанжал» және «дау» ұғымдарының